

## ҚАУЛЫ №3м-237/23

13 қаңтар 2023 жыл

Алматы қаласы

Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы Б.Ә.Қатықбаев, С.А.Аманжолдың хатшылығымен, Алматы қаласының басқарма прокуратурасының прокуроры Н.Мекешовтың, қорғаушы - адвокат Г.К.Нурпеисовтың қатысуларымен,

МББ арқылы өткізілген сот отырысында Алматы қаласының прокурорының орынбасары Н.Ж.Ауғанбаевпен келісілген, Алматы қаласының ҰҚК департаментінің тергеушісі А.Сайлаубайдың

2 сәуір 1987 жылы Алматы облысында туылған, Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ, білімі орта, некесі бұзылған, малшы болып жұмыс істейтін, Алматы облысы, Жамбыл ауылы, Қоғалы қашара, номерсіз үй мекен-жайдың тұрғыны, бұрын сотты болмаған,

ҚК-нің 24-бабының 1-бөлігінің – 272-бабының 1-бөлігімен күдіктелген Қийсымбаев Ақылжан Адабиатовичке қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының мерзімін 3-айға ұзартуға санкция беру туралы өтінішхатын және оған тіркелген қылмыстық іс материалдарын қарап,

## АНЫҚТАҒАНЫ:

Тергеу органымен А.Қийсымбаев 2022 жылдың қараша айында Алматы қаласында Б.Андреевамен, Е.Торекуловпен, О.Кулжахановпен, Т.Нурлановпен, А.Илипбаевпен және С.Қонармен бірге топ болып, алдына ала сөз байласып, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға дайындалғаны үшін күдіктелген.

Орын алған оқиға СДТТБТ-нің №227500041000084 санымен қылмыстық іс тіркелген.

17 қараша 2022 жылы жоғарыда көрсетілген қылмысты жасады деген күдікпен А.Қийсымбаев ҚПК-нің 131-бабына сәйкес ұсталып, Алматы қаласының УҰИ-на қамауға алынған.

18 қараша 2022 жылы А.Қийсымбаевтың іс-әрекеті ҚК-нің 24-бабының 1-бөлігінің – 272-бабының 1-бөлігімен сараланған.

18 қараша 2022 жылы Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының қаулысымен күдікті А.Қийсымбаевқа қатысты 2-айға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы санкцияланған.

4 қаңтар 2023 жылы тергеуші А.Сайлаубайдың күдікті А.Қийсымбаевқа қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының мерзімін 3-айға ұзарту туралы өтінішхаты Алматы қаласының прокурорының орынбасары Н.Ж.Ауғанбаевпен келісіліп, қылмыстық іс-құжаттары тергеу сотына жолданған.

Тергеу судьясы өтінішхатқа тіркелген материалдарын зерттеп, іске қатысқан прокурордың, қорғаушының пікірлерін тыңдап, келесі тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 151-бабының 2-бөлігіне сәйкес, судья санкциялаған күзетпен ұстаудың қысқа мерзімін екі айға дейін ұзарту қажет болған кезде прокурор ол аяқталардан бір тәулік бұрын тергеу судьясына



қосымша жиналған материалдары бар тиісті өтінішхатты енгізеді. Тергеп-тексеруді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның аудандық (қалалық) және оған теңестірілген прокурормен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясы - үш айға дейін ұзартуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының өтінішхатын қанағаттандыруға негіз болған себептер ретінде тергеу судьясы, іс бойынша тағайындалған бірқатар сот сараптамаларының қорытындылары дайын болмағандықтан, тергеп-тексеруді 17.01.2023 жылға дейін аяқтау мүмкін емес деген тергеушінің тұжырымын негізді деп санайды.

Сондықтан, тергеушінің өтінішіхаты қанағаттандырылуға жатады және бұлтартпау шарасын бұзуға немесе өзгертуге негіздер жоқ.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 55, 151-152-баптарын басшылыққа ала отырып, тергеу судьясы

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Тергеушінің өтінішхаты - қанағаттандырылсын.

Күдікті Қийсымбаев Ақылжан Адабиатовичке қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының мерзімін 3-айға, яғни 17 ақпан 2023 жылы 6 сағат 32 минутқа дейін ұзартуға санкция берілсін.

Қаулыға, ол жарияланған күннен бастап үш тәулік ішінде Алматы қалалық сотына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты арқылы шағым беруге және прокурормен өтінішхат келтіруге болады.

Тергеу судьясы

Б.Ә.Қатықбаев

